

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

14.06.2023 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Абай облысында болған және адам өліміне алып келген алапат өрт – бүкіл халқымыз үшін үлкен қайғылы оқиға болды. Қоғамды дүр сілкіндірді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы кезде Абай облысында халықтың ортасында болып, қаза тапқандардың туыстарымен кездесті және оларға жан-жақты көмек көрсетуді тапсырды. Бұл кездесудің өте ауыр жағдайда өткенін барлығымыз көрдік.

Президент Үкімет, уәкілетті министрліктер мен өңір әкімдігінің алдына міндеттер қойды, тиісті шешімдерді қабылдап, жағдайды толық бақылауға алды.

Бас прокуратура қозғаған қылмыстық іс аясында жауапты лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне құқықтық баға беріліп, кінәлілердің барлығы заң бойынша жауапқа тартылатыны айтылды.

Өз кезегінде Парламент Мәжілісінің депутаттары Абай облысына барып, өрт сөндірушілермен және тұрғындармен кездесті, еріктілердің жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысты.

Шынын айту керек, жергілікті жерде орын алған жағдай азаматтық қорғау органдары, тиісті мемлекеттік органдар табиғи апаттарға дайын болмағанын тағы да көрсетті. Депутаттар Үкіметтің назарын орман шаруашылығындағы өртке қарсы және құтқару қызметіндегі жүйелі проблемаларға аударып, бірнеше депутаттық сауалдар жолдаған болатын.

Бірақ іс жүзінде мәселелер толық шешілмеген. Мұндай салғырттықтың орын толмас ауыр қайғыға алып келетінін өмір көрсетіп отыр.

Мемлекет басшысы төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысында былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды

шығарылмағанын, берілген тапсырмалар сапасыз орындалғанын қатаң сынға алды.

Осыған байланысты болашақта төтенше жағдайлардың алдын алу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет деп санаймыз, атап айтқанда:

Бірінші. Орман және дала өрттерін уақтылы анықтау және олардың алдын алу жөніндегі нақты жұмыс істейтін іс-қимыл алгоритмін әзірлеу қажет.

Себебі осы жолы тиісті мемлекеттік органдар арасында үйлестірілген жұмыстың болмауына байланысты қауіпті-қатерді уақтылы болжау және алдын алу мүмкін болмады.

Өрт ошағы туралы алғашқы деректер 8 маусым сағат 11:23-те ғарыш аппараттарынан алынып, 8 маусым сағат 13.20-да Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметтер базасына берілсе де, қауіп деңгейі лайықты бағаланбады.

Екінші. Өртті жоғары дәлдікпен анықтайтын заманауи технологияларды қолдану аясын кеңейту:

- орман алқаптары мониторингінің қолданыстағы ақпараттық жүйелерін дұрыс әрі барлық жерде пайдалануды қамтамасыз ету;

- өрт ошақтарын анықтаудың қосымша жерүсті жүйелерін орнату;

- жерді зондтайтын Қазақстан спутниктерін жоғары дәлдігі бар жылу датчиктерімен жаратқандыру;

- табиғи апаттар жағдайында тиісті қызметтерді фото және бейне-түсіру мүмкіндіктері бар дрондармен жабдықтау қажет.

Үшінші. Орман шаруашылықтары, резерваттарды басқару орталықтары орналасқан ауылдық елді мекендерде сапалы инфрақұрылым болуға тиіс. Оларды байланыс жүйесімен және жылдам интернетпен, сапалы жолдармен қамтамасыз ету керек.

Төртінші. Орман саласының мамандарын даярлау және қолдау, орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту өте маңызды.

«Семей орманы» орман табиғи резерватының балансында 363 техника бар. Онда неліктен адамдар өртті сөндіруге жеке көліктерімен барған? Техниканың жай-күйі қандай? Тіпті қажетті техника бар ма? Сондықтан орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын жаңартып, арнайы өртке қарсы техникамен толық жабдықтау қажет.

Сондай-ақ резерват жанында табиғи апаттармен күресуге арналған арнайы бөлімше болуға тиіс және оны барлық қажетті жабдықтармен, соның ішінде орман қорының жай-күйін бақылауға арналған дрондармен жаратқандыру керек.

Орман шаруашылығы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларын күшейтіп, олардың жалақысын үнемі арттырып отырған жөн. Сондай-ақ қызметкерлерді арнайы киіммен және жабдықтармен қамтамасыз ету қажет.

Бесінші. Төтенше жағдайлар министрлігінің жеке құрамының санын көбейту, арнайы өртке қарсы техникамен және жүріп өту мүмкіндігі жоғары техникамен жаратқандыру, азаматтық қорғау қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешу (бұл тұрғын үй мәселесі және коммуналдық

қызметтер үшін өтемақы), сондай-ақ «Қазавиақұтқару» АҚ авиапаркін жаңарту және ұлғайту керек.

Алтыншы. Бұл мәселелер кезек күттірмейді, шұғыл шешімдерді қажет етеді.

Сондықтан Үкіметке ведомствоаралық жұмыс тобын құрып, орман шаруашылығы саласындағы және өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді толық қаржыландыру және заңнаманы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу заңына өзгерістер енгізу мәселесін қайта қарау керек. Бұл жұмысқа депутаттар да қатысуы қажет.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**Н. Сабильянов
және басқалары**

*А. Боранбаева
74-61-74*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Оглашен 14.06.2023 г.

**Премьер – Министру
Республики Казахстан
Смаилову А.А.**

Депутатский запрос

Уважаемый Алихан Асханович!

Масштабные пожары, произошедшие в области Абай и повлекшие гибель людей, - это большая трагедия для всего нашего народа. Это было шоком для нашего общества.

Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в эти дни прибывал в Абайской области среди населения, встретился с родственниками погибших и поручил оказать им всемерную поддержку. Мы все видели, что эта встреча прошла в очень тяжелом состоянии.

Президент поставил задачи перед Правительством, уполномоченными министерствами и акиматом региона, принял соответствующие решения и взял ситуацию под полный контроль.

В рамках уголовного дела, возбужденного Генеральной прокуратурой, будет дана правовая оценка действиям ответственных должностных лиц, отмечается, что все виновные будут привлечены к ответственности по закону.

В свою очередь, депутаты Мажилиса Парламента посетили область Абай, встретились со спасателями и жителями, приняли участие в организации работы волонтеров.

По правде говоря, ситуация на местах показала, что органы гражданской защиты, соответствующие госорганы в очередной раз не готовы к стихийным бедствиям. Депутаты направляли несколько депутатских запросов, обращая внимание Правительства на системные проблемы в противопожарной и спасательной службе лесного хозяйства.

Но на практике проблемные вопросы до конца не решены. Жизнь показала, что такая халатность приводит к непреодолимой трагедии.

В этой связи Глава государства на заседании оперативного штаба по чрезвычайным ситуациям жестко раскритиковал, что не подведены итоги прошлогоднего пожара в Костанайской области, поставленные задачи выполнены некачественно.

В связи с этим, мы считаем необходимым принять системные меры по предотвращению подобных ситуаций в будущем, а именно:

Первое. Разработать четкий алгоритм действий по своевременному обнаружению и предупреждению лесных и степных пожаров.

Из-за отсутствия скоординированной работы между государственными органами не удалось своевременно спрогнозировать и предотвратить угрозу.

Опасность была недооценена, тогда как первые данные об очаге возгорания были получены с космических аппаратов 8 июня в 11:23 часов и переданы в геосервис Министерства по чрезвычайным ситуациям 8 июня в 13.20 часов.

Второе. Необходимо расширить применение современных высокоточных технологий обнаружения пожаров:

- обеспечить правильную и повсеместную эксплуатацию существующих информационных систем мониторинга лесных угодий;

- установить дополнительные наземные системы обнаружения очагов возгорания;

- оснастить казахстанские спутники зондирования земли высокоточными термодатчиками;

- на случай стихийных бедствий службы должны быть оснащены беспилотниками с возможностями фото и видео-фиксации.

Третье. Сельские населенные пункты, где расположены лесхозы, центры управления резерватами должны иметь качественную инфраструктуру. Их нужно обеспечить связью и скоростным интернетом, нормальными дорогами.

Четвертое. Очень важна подготовка и поддержка специалистов лесной отрасли, а также укрепление материально-технической базы лесных хозяйств.

На балансе лесного природного резервата «Семей орманы» состоит – 363 единицы техники. Почему люди поехали тушить пожар на личных машинах? В каком состоянии находится техника? Есть ли вообще необходимая техника? Поэтому материально техническую базу лесных хозяйств необходимо обновить и дооснастить специальной противопожарной техникой и техникой высокой проходимости.

Также при резервате должно быть специальное подразделение для борьбы со стихийными бедствиями, оснащенное всем необходимым оборудованием, в том числе дронами для наблюдения за состоянием лесного фонда.

Необходимо усилить меры социальной поддержки работников лесного хозяйства, в том числе производить регулярное повышение заработной платы, а также обеспечить сотрудников специальной одеждой и оборудованием.

Пятое. Необходимо увеличить численность личного состава Министерства по чрезвычайным ситуациям, оснастить специальной противопожарной техникой и техникой высокой проходимости, решить вопросы социального обеспечения сотрудников гражданской защиты (это жилищный вопрос и компенсация за коммунальные услуги), а также обновить и увеличить авиапарк АО «Казавиаспас».

Шестое. Эти вопросы являются неотложными, требуют срочных решений.

Поэтому Правительству необходимо создать межведомственную рабочую группу, полностью профинансировать вопросы по обеспечению противопожарной защиты и в сфере лесного хозяйства и пересмотреть законодательство, в том числе внести изменения в закон о государственных закупках. В этом также необходимо участие депутатов.

С уважением,
**Депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

**Н. Сабильянов
и другие**